



Автор: КАЛИЕВА ГУЛЬСТАН ТЕНИЛЬБАЕВНА

Пән: Биология

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Жасушалық биология

Тақырып: Зертханалық жұмыс. Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау. Жасушалардың формасына, мөлшері мен қызметіне қарай әртүрлілігі. Өсімдік ұлпаларының әртүрлілігі: түзуші, жабын, негізгі, өткізгіш, механикалық, бөліп шығарушы ұлпа

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.2.1 Өсімдіктер мен жануарлардың ұлпаларын классификациялау 8.1.2.1-«жасуша», «ұлпа», «мүше», «мүшелер жүйесі» ұғымдарды түсіндіру;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар білуі керек: жасушаны, ұлпаны, мүшені, мүшелер жүйесін тани біледі. Көптеген оқушылар білу керек: Өсімдік пен жануар ұлпаларының түрлерін ажырата алады. Жасуша органоидтарының құрылысы мен қызметтерін біледі Кейбір оқушылар білу керек: Әр ұлпалардың атқаратын қызметтерін біледі. Өсімдік пен жануар жасушалардың құрылысы мен атқаратын қызметтерін салыстыра алады.
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	Пәндік лексика және терминалогия: вакуоль, цитоплазма, пластидтер, мембрана, прокариоттар, эукариоттар Оқытудың тілдік мақсаты: жасуша, ұлпа, мүше, ағза Диалог құруға: — жасуша бөліктерін анықтаңдар. -жасуша бөліктерін сипаттаңдар -«органоид» деген терминге анықтама беріңдер -пластидтің құрылысы мен қызметі туралы айтыңдар Жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Жасуша-cell-клетка Ұлпа-tissue-ткан Цитоплазма-Cytoplasm Ядро-The nucleus
Бағалау критерийлері:	Оқушы оқу мақсатына жетеді, егер: * Жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйелерін біледі. * Өсімдік пен жануар ұлпаларын ажырата алады. * Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларын салыстырады.
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, коммуникативтік қарым-қатынас жасау қабілеті
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Химия-жасушаның құрамы жағдайында байланысады Физика-жасушада процестердің жүру кезінде байланысады Ағылшын тілі-термин сөздермен жұмыс
Бастапқы білім:	Дихотомиялық кілттер және олардың қолданылуы

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сынып пазл арқылы төрт топқа бөлінеді I топ-Жасуша II топ- Ұлпа III топ - Мүше IV топ- Мүшелер жүйесі Үй тапсырмасы: Тапсырма №1 (ұжымдық жұмыс) «Логикалық сәт» Айтылым әрекеті (сұрақ-жауап) үй тапсырмасына кері байланыс 1. Тірі ағзаларды сипаттайтын және топ бойынша бөлетін биология бөлімі 2. Систематиканың негізін салған ғалым 3. Ең ірі систематикалық категория 4. Прокариот ағза 5. Қор заты – гликоген болатын ағзалар 6. Дихотомиялық тірек сөздерді ұсынған ғалым Жетон арқылы бағалау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Жаңа тақырып Оқушылардың зейінін шоғырландыру «Миға шабуыл» әдісі (Тыңдалым әрекеті). Экранда жасушаға байланысты бейне роликкөрсетілім — оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын/ОМ анықтау — сабақсоңында күтілетін нәтижелерді анықтау Термин сөздерді үш тілде жазыпалу. (Жазылым әрекеті) №2.Тапсырма. Зертханалық жұмыс «Зерттеуәдісі». (топтық жұмыс) Мақсаты:Жасушаның органоидтарын, өсімдік пен жануар ұлпаларын анықтай білу дағдыларын қалыптастыру. Дескриптор Балл Екі жасушаны салыстыра отырып, айырмашылықтарын біледі 1 Микроскоппен қарау арқылы өсімдік ұлпаларына тән ерекшеліктерді біледі 1 Жануар ұлпаларының ерекшеліктерін, атқаратын қызметтерін атай алады. 1 №3. Тапсырма «Ойлан. Бірік. Бөліс» әдісі (жұптық жұмыс) Оқушылардың жасуша, ұлпа, мүше, мүшелер жүйелері түсініктерін анықтау (Айтылым әрекеті) 1. Суреттерді қарастырыңыз. (а) Тіршілік деңгейін қарапайымнан бастап, күрделену ретін жазыңыз. А В С D E 5 4 3 2 1 (b) Тіршіліктің А және В деңгейіне анықтама беріңіз. (c) Қалай ойлайсыз ағзада жасуша көп пе әлде ұлпа ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.	
Сабақтың соңы	«Социометрия» әдісі бойынша кері байланыс жасау. Бағалау парақшасы Оқушы Аты жөні «Логикалық сәт» әдісі «Зерттеу» әдісі «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі «Кір жаятын жіп»әдісі Қалыптастырушы бағалау	